

«6D061300 – Геоботаника » мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шадманова Лаура Шарбатовнаның «Жоңгар Алатауы популяциясындагы Malus sieversii (Ledeb.) M. Roem жаңа сорт-клонының *in-situ* және *ex-situ* жағдайында зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) гылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Гылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жогары гылыми-техникалық комиссия бекіткен гылым дамуының басым бағытында сәйкес (бағытын корсету)</p>	<p>«Жоңгар Алатауы популяциясындагы Malus sieversii (Ledeb.) M. Roem жаңа сорт-клонының <i>in-situ</i> және <i>ex-situ</i> жағдайында зерттеу» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыс 2003ж бекітіліп, 25.01.12 ж. толықтырылған Қазақстан Республикасының Орман кодексінің «орман генетикалық корлары» болімінің талаптарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс биология гылымдарының ботаника, геоботаника, экология, ормантану сияқты болімдерінің заманауи бағыттарына сәйкес орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс BR05236546 «Ресурс әлеуетін тиімді бақарудагы гылыми негіз ретінде Алматы облысының флорасы мен осімдік ресурстарының көзірігі экологиялық күйін кадастрылық бағалау» (2021-2023 жж.) бағдарламасы аясында жарылдырылған. Диссертациялық жұмыстың мақсат міндеттері Қазақстан Республикасы Үкіметінін Жогары гылыми-техникалық комитеті бекіткен «Жаратылыстану гылымдары саласындағы гылыми зерттеулер» атты басым бағытына сәйкес.</p>
2.	Гылымга маңыздылығы	Жұмыс гылымга елеулі үлесін косады/коспайды, ал оның маңыздылығы	Диссертациялық жұмыс нысанадары аясында алынған тың истижелер еліміздің биоалуантурлілігін коргу және оның табиги корларын тиімді пайдалану мақсатында қабылданған

		ашылған/ашылмаган.	<p>багдарламалардың жүзеге асуына айтарлыктай үлес қосады. Такырыптың өзектілігі нақты айқындалған және алынған негізгі нағызелері томендегідей:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жабайы алманың (<i>Malus sieversii</i>) Жонгар Алатауы популяциялары таралған осімдік қауымдастырының флоралық кұрамы мен ондаты фитоценоздардың онтогенездік және кеңістіктік құрылымы анықталып, қазіргі жағдайларына баға берілген; - зерттеу нысандарының қазіргі <i>in-situ</i> жағдайы, жаңа сорт-клондары мен ірітелген формалардың <i>in-situ</i> және <i>ex-situ</i> жағдайындағы жемістеріне морфологиялық, биохимиялық-технологиялық және антиоксиданттық баға берілген; - алғаш рет ISSR маркерлері негізінде <i>Malus sieversii</i> түрінің Жонгар Алатауы (жоңгар) популяциясының формалары мен жаңа сорт-клондарина ISSR маркерлері негізінде молекулалық-генетикалық талдау жүргізілген; - ITS (internal transcribed spacer) нуклеотидтік тізбегі және хлоропласттық геном (<i>trnL-trnF</i> және <i>rps16</i> инtron) маркерлері негізінде <i>Malus sieversii</i> сорт-клондары мен табиги формаларының туыстық байланыстары нақтыланған; - алғаш рет <i>Malus sieversii</i> формалары мен сорт-клондарының ITS ДНҚ маркерінің нуклеотидтік тізбегі NCBI халықаралық деректер базасында тіркелген; - <i>M. sieversii</i> табиги популяцияларын Қазақстан жағдайында коргауға алу және селекциялық мақсаттарға пайдалану мәселеріне байланысты практикалық ұсныстар жасалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жогары; 2) ортапа;	Диссертацияны орындау барысында алынған нағызелерді баяндау, әдебиеттегі бар деректермен салыстыра талдау, корытындылар жасау т.с.с. ізденешінің озіндік жазу деңгейі жогары екенін

		3) төмен; 4) озі жазбаган	корсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация озектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің мақсат-міндеттері, алынған нағариялдағы озектілігі жогары, негізделген. Жабайы алма түрлерінде жан-жакты зерттеу арқыны, олардың табиги қорларын тиімді пайдалану және коргау мәселелері тек Қазақстан үшін гана емес, сонымен қатар жаһандық агробиоэртурліліктің заманауи мәселелері катарына жатады. Қазақстаниң таулы аймактары жабайы алма түрлерінің, олардың ішіндегі Сивес алмасының пайда болу орталығы (центр происхождения) болып табылатындықтан, бұл аймактың түрішілік формаларға бай болузы заңды күбылыш. Осы уникальдық алуантурлілікті жан-жакты зерттеу және осы зерттеулерге сай шаралар жүргізу Алматы облысына аты берілген брендіміз - жабайы алманы байыргы табиги ареалында қалпына келтіру мақсатында үлкен үлесін қоспак. Диссертациялық жұмыстың негізгі нағариялдері де осы түркі мақсатқа бағытталған. Анықталған жана формалар ондірістері мәдени сорттардың сапасын арттыруда гендік көздер ретінде маңызды, әрі жабайы алманы интродукциялау мақсаттары үшін құрылған формалар коллекциясын байта түседі.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық <u>айқындайды</u> .
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <u>сәйкес келеді</u> .
		4.4. Диссертацияның барлық болімдері мен құрылышы логикалық толық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан;	Диссертацияның барлық болімдері мен құрылышы логикалық толық байланысқан. Қаралған диссертациялық жұмыс тұтас алғанда ішкі бірлікке ие, ұсынылған қағидаттарын растау принципі сакталған.

		<p>3) байланыс жок</p> <p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сини талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) зерттеу нағижендері негізінде дәлелденіп, бұрыннан белгілі мәліметтермен, шешімдермен салыстырылып бағаланған, кейбір талдауларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Зерттеу экспедициялық ізденістер мен тәжірибелік сынаптарға және алғынған нағижендерді бұрыннан белгілі деректермен салыстыра талдауга негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нағижендер мен кагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>5.1 Диссертацияда көлтірілген ғылыми нағижендер мен кагидаттардың басым болігі толығымен жаңа. Кейбір тұстары, мәселен, жабайы алманың тек Жоңгар Алатауындаған емес, басқа да таралған аймагының көп болігіндегі қалпына келу (восстановление) карқынның базу екендігі бұрындарды жүргізілген зерттеулерде (Жанғалиев, Исин, т.б.) көрсетілген. Бұл түжіримнің дүрыстығын диссертант Пихтовая щель, Мұшабай және Крутые шаткалдарында өзі жүргізген зерттеулері арқылы көсімша дәлелден отыр.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табылады.</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның корытындылары жаңа болып табылады.</p> <p>Жоңгар Алатауында <i>in-situ</i> жағдайында <i>M. Sieversii</i> осімдігінің катысуымен қалыптасқан қауымдастықтар кобиесе шатқалдың оңтүстік экспозицияларына, белдеуінің томенгі етегіне және дала белдеуіне бейімделгенін көрсетті.</p> <p><i>Malus sieversii</i> кездесетін осімдік қауымдастықтардың түрлік құрамы осы осімдіктер бірлестігінің экологиялық және фиоценоздық жағдайларымен анықталады.</p> <p><i>M. Sieversii</i>-ды Жоңгар Алатауы популяциясының жастық құрамын талдау олардың қалпына келуінң тұраксыз екенін көрсетті. Пихтовая щель ценопопуляциялары регрессивті типке жатқызылды. Пихтовая щель, Крутые, Кокжота шатқалдарының алма ценопопуляцияларының жастық спектрі канагаттанарлық екені көрсетілді.</p>

		<p><i>M. Sieversii</i>-ды <i>in-situ</i> және <i>ex-situ</i> зерттеу барысында сорт-клоидардың бірегейлігі айқындалған.</p> <p><i>Malus sieversii</i> түрінің Жонгар Алатауы популяциясының жемістеріне жүргізілген биохимиялық және технологиялық талдау нәтижесінде селекцияға және алма шырынын алуға жарамды биологиялық құндылығы бар сорт-клоидардың және табиги формалар іріктелген.</p> <p>Жемістері морфологиялық, органолептикалық және биохимиялық белгілері бойынша ерекшеленген алма формалары селекцияда және жеміс ондірісінде пайдалануға перспективтік ен корсетілген. Тагы бір ескеретін жай ол жабайы алма жемісінің құрамындағы антиоксидантты заттардың (Р-белсенді заттар, лейкоантокиандар) мөлшері географиялық осу ориентиры байланысты болатыны да анықталған.</p> <p><i>M. sieversii</i> түрінің Жонгар популяциясының сорт-клоидарының ядролық ДНК-ның ITS тізбегін және хлоропласттық ДНК-ның үш кодтаалмайтын фрагменттерін талдау түрдің табиги популяцияларының өзара туыстық катынастары мен түр ішілік филогенеzi нақтыланды. <i>ISSR-PCR</i> молекулалық маркерлерін пайдалана отырып <i>M. sieversii</i>-дің Жонгар популяциясының генетикалық бірегейлігі (уникальность) корсетілді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері 75% жаңа, себебі кобине класикалық биостатистика әдістемелерін пайдаланған және толығымен негізделген. Сонымен катар, гылыми зерттеуде жалпы қабылданған классикалық әдістерді пайдалана отырып, көзіргі заманғы компьютерлік технологиялар қолданылған.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық корытындылар гылыми түрғыдан караганда аукымды дәлелдерге негізделген. Барлық негізгі корытындылар ботаникалық, геоботаникалық, интродукциялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық көшенді зерттеулердің және</p>

		гуманитарлық бағыттары бойынша)	экспедициялық сапарлар деректерінің негізінде жасалған және теориялық жағынан да расталған.
7.	Коргауга шыгарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбіді; 4) дәлелденбіді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p><i>M. sieversii</i> түрінің Жонғар Алатауы популяциясының қазіргі жағдайы; зерттелген <i>M. sieversii</i> кездесстің қауымдастықтардың флоралық құрамы: 7.1 Қагидат дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі орташа</p> <p><i>M. sieversii</i> популяциясының Жонғар Алатауы шатқалдарындағы ценопопуляцияларының жастық құрылымы:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі орташа</p> <p><i>M. sieversii</i> сорт-клоңдарының интродукциясы:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p><i>M. sieversii</i> Жонғар Алатауы популяциясының жаңа сорт-клоңдары мен іріктелген формаларының жемістерінің химия-технологиялық бағалануы мен антиоксидантты белсенділі:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p><i>M. sieversii</i> түрінің жаңа сорт-клоңдары мен іріктелген формаларының генетикалық алуандылығын зерттеу және олардың арасында туыстық байланысы:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі орташа</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Әдістеменің таңдауы - негізделген және әдіснама нақты жазылған. Алынған інтижелердің негізділігі мен сенімділігі геоботаника, ботаника, осімдіктер интродукциясында колданатын стратегиялық есептеулердің стандартты әдістері мен әдістемелік нұсқауларды колданумен негізделеді.
		8.2 Диссертация жұмысының інтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Диссертация жұмысының інтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған озара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дағырау бағыттары үшін інтижелер педагогикалық эксперимент негізіндегі дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Барлық негізгі қорытындылар ботаникалық, геоботаникалық, интродукциялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық кешенді зерттеулердің негізінде жасалған және теориялық жағынан да расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган	Барлық маңызды мәлімдемелер толыктай өзекті және сенімді ғылыми әдебиет көздеріне сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Жеткілікті.
9	Практикалық қындылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Алынған ғылыми інтижелер <i>Malus sieversii</i> Жонгар Алатау популяциясының көзінде жағдайын корсетеді. Осімдік бірлестіктерінің флоралық құрамына

		<p>2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нағијелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>мониторинг жасау арқылы климат өзгерісін бақылауга мүмкіндік береді. Онтогенетикалық спектрі мен анықталған генетикалық алуандылығы популяцияның кайта қалпына келу динамикасын көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған мәліметтерді орман шаруашылығында жемісті ормандарды коргау және қалпына келтіру тәжірибесінде колданудың ықтималдығы жоғары. Биологиялық белсенді заттардың көп молшерде жинақтайтын алма жемістерін шырын, жеміс өндірісінде пайдалануға болатындығы көрсетілген. Жұргізілген биохимиялық талдау өндіріске енгізу үшін ең перспективалы сорт-клондарды таңдауга мүмкіндік береді. Әртүрлі сорт-клондардың молекулярлық-генетикалық талдауы ормандың кайта қалпына келтіру шараларында генетикалық таза формаларды пайдалануға мүмкіндік береді, өндірістік сорттардың сапасын арттыру максатында бағалы гендер көзі болып табылады. Сонымен катар іріктелген сорт-клондар мәдени алма көштегерін дайындауда оте бағалы төліну материалы (подвой) екендігі жағынан да шаруашылықтық маңызы жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Оған қажетті модельге алынған патент және <i>Malus sieversii</i> формалары мен сорт-клондарының ITS ДНҚ маркерінің нуклеотидтік тізбегі NCBI халықаралық деректер базасына енгізілгені дәлел.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан томен; 4) томен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми жұмыс талапқа сай дайындалған. Автор диссертациялық жұмысты жазу барысында ғылыми стилді ұстанған.</p>

Шадманова Лаура Шарбатовнаның «6D061300 – Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы «6D061300 – Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайыкты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

б. ғ. д., а-ш. к., Л. Гумилев атындағы
Евразия ұлттық университетінің
биология және геномика кафедрасының
профессоры



С.А. Абисев

